



> ОДАҚТЫҢ XVIII СЪЕЗІ



2024 жылдың 14 қыркүйегінде Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің мәжіліс залында (Алматы қ., Сәтбаев көш.,22) ҚР Сәулетшілер одағының кезектен тыс XVIII Съезі өтеді. Тіркелу сағат 09.00-де басталады.

> СЪЕЗДІҢ КҮН ТӘРТІБІ

Съездің алдын-ала күн тәртібі:

- Президент м.у.а. есептік кезең бойынша істелген жұмыс бойынша баяндамасы
- Тексеру комиссиясының істелген жұмыс бойынша баяндамасы
- Делегаттарға сөз беру
- Жаңа президентті сайлау
- Басқарма, Төралқаның жаңа құрамын сайлау

> ОДАҚ СЪЕЗІ

Съезд Одақтың жоғары органы. Кемінде төрт жылда бір рет шақырылады. Съезге сайланған делегаттардың кемінде 2/3-і қатысса және Одақтың өңірлік бөлімшелерінің жартысынан астамы қатысса, Съезд өкілетті болып табылады. Съезді шақыру және алдын ала жасалған күн тәртібі Съезд басталғанға дейін 3 айдан кешіктірмей жарияланады. Съезге өкілдік ету нормасы мен делегаттарды сайлау тәртібін Одақ Төралқасы белгілейді. Съезд отырысының белгіленген күнінен кемінде 1 ай бұрын Одақ төралқасы барлық филиалдарды Съездің күн тәртібімен қамтамасыз етуге міндетті.

Съезд сайланған делегаттардың қатысуымен тікелей қатысу форматында ұйымдастырыла отырып, өткізіледі. Делегаттардың көзбе-көз қатысуын қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда, Съезд басқарма шешімінің негізінде онлайн форматта бейнеконференцияның көмегімен өткізілуі мүмкін. Съезді қандай да бір себептермен белгіленген жерде және белгіленген мерзімде өткізу мүмкін болмаған жағдайда, Одақ төралқасы Съезді өткізу мерзімін ауыстыру және орнын өзгерту туралы шешім қабылдайды.

Съездің бірінші отырысы Одақтың қазіргі Президентінің төрағалығымен өтеді. Келешекте Съезд Төрағасының кандидатурасын Съезд жиналысқа қатысқан көпшілік дауыспен сайлайды. Съезд жұмысының тәртібі Съездің бекітілген күн тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады. Съезд жұмысының ұсынылған тәртібі Съезге қатысқан делегаттардың қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

Одақтың кезектен тыс Съезі Басқарманың шешімі бойынша немесе Одақ мүшелерінің кемінде 1/3 бөлігінің жазбаша өтініші бойынша шақырылуы мүмкін. Кезектен тыс Съездің күн тәртібін және өткізілетін күнін Одақ төралқасы Одақ Басқармасымен келісе отырып, белгілейді. Кезектен тыс съезд ұсыныс бекітілген күннен бастап 3 ай ішінде шақырылуы тиіс. Кезектен тыс Съезді шақыру және оның күн тәртібін ұсыну туралы шешім Съезге дейін 21 күннен кешіктірмей жарияланады.

> СЪЕЗД ДЕЛЕГАТТАРЫ

Филиалдар Съезд басталғанға дейін 1 ай бұрын белгіленген нормаларға сәйкес **(5 мүшеге 1 делегат квота белгіленген)** делегаттардың тізімін Одақ хатшылығына жібереді. Съездің басталуына 15 күн қалғанда делегаттардың тізімдерін Одақ төралқасы бекітеді.

Әртүрлі себептермен Съезд жұмысына қатыса алмайтын сайланған съезд делегаттары Одақ филиалы басшысының қолымен куәландырылған сенімхат бойынша өз дауысын өз қаласының немесе облысының басқа делегатына беруге құқылы. Бір делегат сенімхат бойынша 3 делегат атынан өкілдік етуге құқылы.

> ОДАҚ ПРЕЗИДЕНТІ

Одақ Президентінің лауазымына кандидаттарды ұсыну және құжаттарды ұсыну тәртібі Одақ отырыстарын өткізудің басшылығы мен тәртібі туралы ережесімен айқындалады. Одақтың Президенті Одақтың атқарушы органы болып табылады және оны Съезд Одақ мүшелері арасынан 4 жыл мерзімге сайлайды. Одақ Президенті Одақ Съезіне есеп береді. Президент қатарынан 1 мерзімнен артық сайлана алмайды. Одақ Президенті отставкаға кеткен немесе қайтыс болған жағдайда оның Одақтың кезекті Съезіне дейінгі міндеттерін Одақ Төралқасының шешімі бойынша Одақ Төрағасының Вице-президенттерінің бірі орындайды.

Төралқа Президент мандатының аяқталуына 2 ай қалғанда филиалдарды осы лауазымға кандидаттар бойынша ұсыныстар енгізуге шақырады. Ұсыныстар Съездің бірінші отырысына дейін кемінде 1 ай бұрын жазбаша түрде хабарлануы керек. Төралқа аталған кандидаттардың тізімін (болған жағдайда) Съезге дейін 15 күн бұрын Одақ филиалдарына жібереді. Одақ Президенттігіне әрбір кандидат жұмыс бағдарламасын және Одақ қызметін дамыту жөніндегі өз көзқарасын ұсынуға міндетті. Одақ Президенттігіне кандидатты делегат немесе делегаттар тобы тікелей Съезде ұсына алады және Съезд делегаттарының кемінде 50% + 1 қосу үшін дауыс берген жағдайда сайлау бюллетеньдеріне енгізе алады. Съезде ұсынылған кандидат жұмыс бағдарламасын және Одақ қызметін дамытуға өзінің көзқарасын ұсынуы тиіс. Президент Съезде тікелей немесе жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Дауыс беру кезінде залда отырған Съезд делегаттарының кемінде 50% + 1 дауысын алған кандидат сайланған болып саналады.

> ЖАС СӘУЛЕТШІЛЕР КЛУБЫ


Жас сәулетшілер клубы (ЖСК) Одақтың құрылымдық бөлімшесі. Клубты Одақтың Басқарма мүшесі Федянин Антон Васильевич басқарады.

Клуб мақсаты – Қазақстанның жас және талантты сәулетшілерін қолдау, Одақ қызметіне көмектесу және Одаққа мүше болу үшін кәсіби біліктілікті дамыту. ҚР СО мүшелері, сондай-ақ сәулет саласында шығармашылық жұмыспен айналысатын, ҚР СО, Клубтың мақсаттары мен міндеттерін бөлісетін және оларды іске асыруға қатысқысы келетін жас сәулетшілер мен жоғары және орта арнаулы оқу орындарының 35 жасқа дейінгі студенттері Клуб мүшелері бола алады. ЖСК-ге мүшелік Клуб мүшелеріне ешқандай қаржылық міндеттемелер жүктемейді. Клуб мүшелері ЖСК-ге жарна төлемейді. Клубтың әр мүшесі мүшеліктен не алады: тәжірибелі сәулетшілерден оқу, практик жобалаушылардан кеңес; одан әрі жұмыс істеуге портфолио жасау; жас сәулетшілермен қарым-қатынас. Егер үміткер лайықты және нәтижелері жоғары болса, онда жұмысқа тұрғызу мүмкіндігі мен түйіндемесінде Одаққа көмектескенін көрсетуге мүмкіндік бар.

> ФИЛИАЛДАР



> ОДАҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



> ОДАҚ ЖАРҒЫСЫ ТУРАЛЫ

2022 жылы өткен Одақтың XVII Съезінде ҚР Сәулетшілер одағының жаңа Жарғысы мен оған 8 Ереже қабылданды. Ережелерде Одақ қызметінің белгілі бір бағыттары бойынша іс-әрекетінің тәртібі көрсетілген. Басты өзгертулер:

ТОЛЫҚТЫРУЛАР:

1. Одақ құрылымында Ақсақалдар кеңесі мен Жас сәулетшілер клубы (ЖСК) деген жаңа екі орган пайда болды. Жарғыға тиісті толықтырулар енгізілді.
2. Эмблема (логотип) сипаттамасы «Одақ логотипі туралы ережеде» көрсетіліп, логотипте қолданылатын түс, шрифт мен пайдалануына қатысты талаптар туралы мәліметпен толықтырылды.
3. Съезд бен Пленумды онлайн форматта өткізу мүмкіндігі қарастырылған.
4. Вице-президенттерге қатысты бапта бірінші вице-президент және оны Съезде дауыс беру арқылы сайлау қажеттігі туралы тармақпен толықтырылды.

ӨЗГЕРТУЛЕР:

1. Жыл сайынғы жарнаның егжей-тегжейлі есебі алынып тасталды, бірақ жылдық жарнаның 4 АЕК мөлшері қалдырылды.
2. Кезекті және кезектен тыс Съезді шақыру мерзімі осы күнгі жағдайға икемделіп өзгертілді. Кезекті Съезд шақыру 3 ай бұрын хабарланады, ал негізгі құжаттар мен материалдар барлық мүшелерге 1 ай бұрын беріледі. Делегаттар Съезд шақырылғанға дейін 1 ай бұрын анықталуы тиіс.
3. «КЕҢЕС» «БАСҚАРМАҒА» ауыстырылды.
4. «Одақ құрылымы мен органдары» бабы жетілдіріліп, Ақсақалдар кеңесі туралы тармақтар қосылды.
5. «Басқарма», «Вице-Президенттер» баптары толықтырылды. Қызмет бағыттары бойынша комиссиялар да толықтырылып жазылды.

САҚТАЛҒАНЫ:

1. Екі жыл бойы жарна төлемеген мүшелерді Одақ мүшелігінен шығару.
2. Президент, Вице-Президенттер, Төралқа, Басқарма өкілеттіктерінің мерзімі сақталды.
3. Тексеру комиссиясы мен оның қызметі туралы бап сақталды.

> ЖАРНА ТӨЛЕМІ

Одақ мүшелері кіру, жыл сайынғы мүшелік жарнаны төлейді. Жыл сайынғы жарна 4 АЕК, бір жолғы кіру жарнасы 3 АЕК құрайды. Филиалда тіркелген Одақ мүшелері Одақтың негізгі есеп айырысу шотына жыл сайынғы және кіру мүшелік жарналарын төлейді. Түскен жарна жөнінде Одақ хатшысы филиал төрағаларына жазбаша түрде мәлімет береді. Егер филиалдың есеп айырысу шоты, өз аппараты болса және мүшелік жарналардың есебін және филиалдың кірістері мен шығындары бойынша бухгалтерлік есептілікті ашық жүргізуді қамтамасыз етсе, онда жыл сайынғы жарналар тұрақты тұратын жері бойынша Одақ филиалына салынады. Филиал мүшелік жарналардың 50%-ын өзінде қалдырады, 50%-ын Одақтың негізгі есепшотына аударады. Филиалдар жылына кемінде екі рет Одақ хатшылығына қаражат пен Филиал шығыны туралы есеп беруді қажет.

Одақ хатшылығы 2022-2024 жж. жарналары бойынша берешекті жабуды сұрайды. Съезге қатысу үшін делегаттар тізімі жасалады.

Делегаттардың және оларды ұсынатын Одақ мүшелерінің жарна төлемі бойынша қарызы болмауы керек.

1 жылғы жарна есебі: 1/3 АЕКx12 ай

2022 жыл – 12 720 тг

2023 жыл – 13 800 тг

2024 жыл – 14 760 тг

Барлығы – 41 280 тг

ИИК: KZ21856000000004756 (шот №)

«Банк ЦентрКредит» АҚ

БИК: KСJВKZKX, БИН: 920 840 000 733

ҚР Сәулетшілер одағы РҚБ